

Диссертациялық кеңес
туралы үлгі ережеге
2-қосымша

**Диссертациялық кеңестің 2024 жылғы жұмысы туралы
ЕСЕБІ**

«Корқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамы (КеАҚ-ы) жаңындағы 8D011 - Педагогика және психология (6D010300, 8D01101-Педагогика және психология) кадрларды даярлау бағыты бойынша Диссертациялық кеңес

Диссертациялық кеңес КР БФМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті Төрағасының (қазіргі: КР Ғылым және жоғары білім министрлігі) 2022 жылғы 11 шілдедегі №315 бұйрығы негізінде ашылды. Диссертациялық кеңестің жұмыс жасау мерзімі 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін.

Диссертациялық кеңестің тұрақты құрамы университет ректоры Кәрімова Бейбітқұл Сәрсемханқызының 2022 жылғы 31 тамыздағы №256-ғж (№300 а-ғж бұйрығымен 2024 жылдың 10 қыркүйек айында және №180-ғж. бұйрығымен 2024 жылдың 01 қараша айында бекітілген) бұйрығымен университеттің Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде бекітілді.

Диссертациялық кеңестің тұрақты құрамы:

1. Майгельдиева Шарбан Мусабековна - диссертациялық кеңестің төрағасы, педагогика ғылымдарының докторы, доцент; 13.00.02-Оқыту және тәрбиелеу теориясы мен әдістемесі, "Педагогика, психология және бастауыш оқыту әдістемесі" білім беру бағдарламасының профессоры;

2. Туребаева Клара Жаманбаевна - диссовет төрағасының орынбасары, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, 13.00.01-Жалпы педагогика, білім беру педагогикасының тарихы, этнопедагогика, Қ. Жұбанов атындағы "Ақтөбе өнірлік университеті" КеАҚ психологиялық-педагогикалық және арнайы білім беру кафедрасының менгерушісі;

3 Булатбаева Кулжанат Нурымжановна – диссертациялық кеңестің мүшесі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, 13.00.02-Оқыту және тәрбиелеу теориясы мен әдістемесі, И. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының дидактика зертханасының бас ғылыми қызметкері;

4 Сапарқызы Жаннат - ғалым хатшы, PhD докторы, 6D010300-Педагогика және психология, "Педагогика, психология және бастауыш оқыту әдістемесі" білім беру бағдарламасының аға оқытушысы.

1. Откізілген отырыстар саны туралы деректер - Диссертациялық кеңестің 2 мәжілісі өтті.

2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) – жоқ

3. ЖЖОКБҰ көрсетілген докторанттар тізімі.

2.1 Ботабаев Галымжан Еркебаевич - М.Әуезов атындағы «Оңтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ.

4. Мынадай бөлімдерді қамти отырып, есепті жылдың ішінде кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

Ботабаев Галымжан Еркебаевич

Диссертация тақырыбы: Оқытушының арнағы қабілетін дамытудағы педагогикалық толеранттылықтың психологиялық мазмұны.

БББ: 6D010300 - Педагогика и психология

Ғылыми кеңесшілері: 1. Токсанбаева Нургуль Коргаджановна - психология ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық зерттеу университеті «Жалпы және қолданбалы психология» кафедрасының профессоры. 2. Южел Гелишли - педагогика ғылымдарының докторы, Гази университетінің профессоры. Анкара қаласы, Турция.

Диссертациялық кеңестің уақытша құрамы:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 14 маусымдағы № 294 бүйрекмен бекітілген (№425, 29.08.2024ж.) үлгі ереженің 22-тармағына сәйкес докторант Г.Е.Ботабаевтың қорғау мерзіміне диссертациялық кеңестің құрамына келесі ғалымдар енгізілді:

1. Санғилбаев Оспан Сейдуллаевич - психология ғылымдарының докторы, Туран университеті, Психология жоғары мектебінің профессоры.

2. Аяғанова Алмагуль Жандилдаевна - психология ғылымдарының кандидаты, ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Қызылорда облысы бойынша филиалының доценті.

3..Каргапольцева Наталья Александровна - педагогика ғылымдарының докторы, Орынбор мемлекеттік университеті «Жалпы және кәсіби педагогика» кафедрасының профессоры, Орынбор қаласы, Ресей.

Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері онлайн және оффлайн форматында қатысты.

Корғау күні: 30.12.2024ж.

Корғау тілі - қазақ.

Корғау форматы: онлайн және оффлайн видеоконференция форматы

Қазақстандық білім мен ғылымның маңызды міндеттерінің бірі жаһандық бәсекеге қабілеттілікті арттыру және ғылымның білім беруге, кадрлар даярлауға және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесін ұлғайту болып табылады.

Г.Е.Ботабаевтың диссертациялық жұмысында зерттелген педагогикалық толеранттылық проблемасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының» негізгі идеялары мен ережелеріне және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі жанындағы «Жоғары ғылыми-техникалық комиссия» бекіткен ғылым мен техниканың басым бағытының 4-тармағына, оның ішінде «Елдің зияткерлік әлеуеті» бағытына

сәйкес келеді.

Қоғамдық қатынастарда толераттылық мәдениетін қалыптастыру адамның базалық құқықтары мен қауіпсіздігін қорғау болып табылады. Білім алушыны тең жағдайда қабылдау және өзара іс-қимылды интуитивті қабылдау педагогикалық қабілеттердің табысты болуының қажетті шарты болып табылады. Тolerантты педагог өзінің қамқорлығындағы адамдарға жақсы қамқорлық көрсетсе, ол өзінің мінез-құлқын қалыптастырудың бірегей тәсілінің арқасында үлкен нәтижелерге қол жеткізеді. Бүгінде қазіргі заманғы жоғары оқу орындарында оқытушының рөлі айтартылған артуда.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық маңыздылығы:

– Оқытушылардың арнайы қабілетін дамытуға педагогикалық толеранттылықтың психологиялық ерекшеліктерін зерттеудің ғылыми-теориялық негіздері анықталды.

– Алғаш рет қазақстандық педагогика, психология ғылымының шеңберінде оқытушылардың арнайы қабілетін дамытуға педагогикалық толеранттылық мәселесі қарастырылып, іргелі және қолданбалы білімдерді дамытуға мүмкіндік жасалды.

– Оқытушылардың арнайы қабілетін дамытуға зерттеудің құрылымдық-мазмұндық моделі ұсынылып, жоғары оқу орындағы педагогикалық толеранттылықтың негізгі бағыттары әзірленді.

– Жоғары оқу орындарындағы оқытушылардың арнайы қабілетін дамытуға педагогикалық толеранттылықтың психологиялық ерекшеліктерін зерттеу әдістемелері анықталып, зерттеу жұмыстары жүргізілді.

– Оқытушылардың арнайы қабілетін дамытуға педагогикалық толеранттылықтың психологиялық ерекшеліктерін онтайлы деңгейін қамтамасыз ету бойынша «Педагогикалық толеранттылық психологиясы» бағдарламасы әзірленді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы автордың құрылымдық-мазмұндық модельді әзірлеуінде және сынақтан өткізуінде, оқытушылардың арнайы қабілеттерін дамыту бойынша, «Педагогикалық толеранттылықтың психологиясы» бағдарламасы оқытушылардың арнайы қабілеттерін дамытуға педагогикалық толеранттылықтың психологиялық ерекшеліктерінің онтайлы деңгейін қамтамасыз ету бойынша, сондай-ақ «Педагогтардың арнайы қабілеттерін дамытуға арналған педагогикалық толеранттылықтың психологиялық ерекшеліктері» тақырыбы бойынша оқу тренингтерінің бағдарламасы, жалпы білім беру жүйесінде, психологиялық орталықтарда, сондай-ақ педагогтердің арнайы қабілеттерін дамыту үшін педагогикалық толеранттылықтың психологиялық ерекшеліктерін әзірлеу мақсатында психологтардың, педагогтердің біліктілігін арттыру институттарында пайдалануға болады. Сондай-ақ, психологиялық-педагогикалық тәжірибеде алынған нәтижелерді қолдану педагогикалық толеранттылық арқылы арнайы қабілеттерді дамыту мүмкіндіктерінің тиімділігін арттырады.

5 Ресми рецензенттердің жұмысын талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Диссертациялық кеңестің құрамына докторант Г.Е.Ботабаевтың диссертациялық жұмысының бағытына қарай Үлгі ереженің 22-тармағына сәйкес (жана редакцияда – КР Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 29 тамыздағы №425 бүйрығы) рецензенттер мен ғылыми кеңесшілердің бір-біріне тәуелді болмау принципі негізінде рецензент ретінде келесі ғалымдар бекітілді:

1. Турдалиева Шолпан Тұрсынбаевна - психология ғылымдарының кандидаты, М.Х.Дулаті атындағы Тараз университеті «Әлеуметтік психология» кафедрасының доценті.

2. Байсарина Сандугаш Сайлауовна - педагогика ғылымдарының кандидаты, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Педагогика» кафедрасының доценті

Барлық рецензенттер Г.Е.Ботабаевтың докторлық жұмысына жоғары кәсіби түрғыдан сараптама жасап «Диссертациялық кеңес туралы үлгі ереженің» 5-қосымшасына сәйкес жазбаша пікірін берді.

6 Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

- Ғылыми кадрларды сапалы даярлау мақсатында диссертациялық кеңес 8D011-Педагогика және психология БББ докторанттарымен докторлық диссертацияға қойылатын талаптар және оны дайындау тәртібі, рәсімдеуге және ашық қорғауға байланысты әдістемелік бағытта бірқатар іс-шаралар өткізу;

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:

1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОҚБҰ докторанттарының) - 1;

2) қараудан алғыншылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОҚБҰ докторанттарының) - жоқ;

3) ресми рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОҚБҰ докторанттарының) - жоқ;

4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОҚБҰ докторанттарының) - жоқ;

5) пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОҚБҰ докторанттарының) - жоқ;

6) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОҚБҰ докторанттарының) - жоқ.

Диссертациялық кеңестің төрағасы Ш.М.Майгельдиевав

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы Ж.Сапарқызы

«10» 01 2025 жыл.

